



010000, Нұр-Сұлтан қ., Мәңгілік Ел даңғылы, 8
«Министрліктер үйі», 14-кіреберіс
тел.: +7 7172 74 08 44

010000, г. Нур-Султан, пр.Мангилик Ел, 8
«Дом министерств», 14 подъезд
тел.: +7 7172 74 08 44

№ _____

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттары,
«Ақ жол» Қазақстан демократиялық
партиясы фракциясының мүшелері
С. С. Ерубаяевқа, А.Т. Перуашевке,
Е.Х. Барлыбаевқа, Д.М. Еспаеваға,
А.Р. Әбілдаевқа, Е.Қ. Өмірғали,
А.Қ. Жұмабаеваға, Қ.Ж. Иса,
Б.С. Дүйсенбиновқа,
А.Г. Линник, М.Б. Раманқұловқа**

*2021 жылғы 9 қыркүйектегі
№ДС-250 депутаттық сауалға*

Құрметті депутаттар!

Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) Маңғыстау облысында су тапшылығына қатысты жоғарыда көрсетілген сауалға сәйкес келесіні хабарлайды.

Су кодексінің 1-бабының 13-2-тармағына және 30-тармағына сәйкес Министрлік елді мекендерден тыс жерлерде су қорын пайдалану және қорғау, сумен жабдықтау, су бұру саласында басқару және бақылау функцияларын жүзеге асырады, ал Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі (бұдан әрі – ИИДМ) елді мекендер шегінде сумен жабдықтау және су бұру саласында басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асырады.

Бүгінгі күні Маңғыстау облысын ауыз сумен қамтамасыз ету өзекті мәселе болып табылады. Өңір негізінен «Астрахань-Маңғышлақ» су құбыры арқылы Еділ және тұщыландырылған теңіз суымен қамтамасыз етіледі. Олардың жалпы қуаты тәулігіне 150 мың м³ құрайды («Астрахань-Маңғышлақ» - 64 мың м³, МАЭК - 52 мың м³, Каспий тұщыландыру зауыты - 20 мың м³, жерасты сулары - 14 мың м³).

Өңірде ауыз су тапшылығы әсіресе жазғы кезеңде байқалады және тәулігіне 51,0 мың м³ құрайды, өңірдің даму деңгейін ескере отырып, 2025 жылға қарай суға қажеттілік тәулігіне 250-260 мың м³, ал тапшылық - тәулігіне 100-110 мың м³ құрайды.

Су тапшылығы проблемаларын шешу мақсатында Маңғыстау облысын әлеуметтік-экономикалық дамыту жөніндегі 2021 – 2025 жылдарға арналған кешенді жоспар (бұдан әрі – кешенді жоспар) шеңберінде тұщыландыру қондырғыларын салу және «Астрахань-Маңғышлақ» су тартқышын реконструкциялау бойынша жобаларды іске асыру көзделген.

«Астрахань – Маңғышлақ» магистральдық су құбыры (бұдан әрі – Су құбыры) 1988 жылы салынған және «Магистральдық су құбыры» ЖШС-ның (бұдан әрі – Серіктестік) балансында.

Қазіргі кезде су құбыры 87% тозған. Осыған байланысты «Астрахань-Маңғышлақ» магистральдық су құбырының өткізу қабілетін ұлғайту және қолданыстағы тапшылықты жою және Атырау және Маңғыстау облыстарының су тұтыну көлемінің перспективалық өсуі үшін тозған жабдықты жаңарту мақсатында Серіктестік «Астрахань-Маңғышлақ» магистральдық су құбырын реконструкциялау және кеңейту» жобасының техникалық-экономикалық негіздемесін әзірледі және 376,5 млрд.теңге сомаға мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысын алды.

Су құбырын қайта құру және кеңейту 2 кезеңде жоспарлануда. Бірінші кезеңде кешенді жоспарға сәйкес 123,7 млрд.теңге сомасына тозған жүйелерді реконструкциялау және кеңейту бойынша жұмыстарды жеке инвестициялар есебінен жүргізу жоспарлануда.

Қазіргі уақытта жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу бойынша рәсімдер жүргізілуде, сондай-ақ жобаны қаржыландыруды тарту бойынша мәселелер пысықталуда. Сараптаманың оң қорытындысын ала отырып, ЖСҚ әзірлеуді аяқтау мерзімі – 2022 жылғы 1 тоқсан.

Сонымен қатар Мұнайлы ауданының елді мекендерінде және Қарақия ауданының Құрық елді мекенінде су тапшылығы қатты сезіледі.

Осыған байланысты ИИДМ бюджеттік бағдарламасы бойынша 2019-2021 жылдары «Ақтау қаласындағы «Каспий» тұщыландыру зауытының қуатын тәулігіне 40 мың м³ дейін ұлғайта отырып кеңейту» жобасын іске асыруға «Нұрлы жер» тұрғын үй-коммуналдық дамыту мемлекеттік бағдарламасы аясында 7,7 млрд. теңге бөлді (2019 жылы – 1,0 млрд.теңге, 2021 жылы – 6,7 млрд. теңге).

Жобаны 2022 жылы аяқтауға 4,5 млрд.теңге сомасында қаражат көзделген. Нәтижесінде Мұнайлы, Түпқараған және Қарақия аудандарының тұтынушылары ауыз сумен толық қамтамасыз етілетін болады.

Сондай-ақ Кешенді жоспар аясында келесі жобаларды іске асыру жоспарлануда:

- 1) «ҚазМұнайГаз» АҚ Қаражанбас кен орнында қуаты тәулігіне 17,0 мың м³ тұщыландыру зауытын салу»;
- 2) «МАЭК-Қазатомөнеркәсіп» ЖШС аумағында қосымша қуаты тәулігіне 24,0 мың м³ тұщыландыру қондырғыларын салу»;
- 3) «Форт-Шевченко қаласында қуаты тәулігіне 5000 м³ тұщыландыру қондырғысын салу»;

4) «Кендірлі курорттық аймағында қуаты тәулігіне 50,0 мың м³ тұщыландыру зауытын салу».

Жоспарланған жобаларды іске асыру өңірдегі су тапшылығы проблемасын толығымен шешуге және өңір халқын тәулігіне 260 мың м³ көлемінде қажетті ауыз сумен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Сондай-ақ, тұщыландыру зауыттарын салу мәселелері Министрлігінің құзыретіне жатпайтынын атап өтеміз.

Бұл ретте Маңғыстау облысының әкімдігіне кәсіпкер Е.Жұмабаевтың қуаттылығы тәулігіне 20 мың м³ болатын тұщыландыру шағын зауытын салу жобасын ұсынғанын хабарлаймыз. Осыған байланысты Ақтау қаласының әкімдігі жер учаскелерін бөлу бойынша жұмыстар жүргізуде. Кәсіпкердің айтуынша, зауытты 2023 жылдың желтоқсан айында іске қосу жоспарланған.

**Қазақстан Республикасының
Экология, геология
және табиғи ресурстар
министрі**

С. Брекешев



010000, Нур-Султан қ., Мәңгілік Ел даңғылы, 8
«Министрліктер үйі», 14-кіреберіс
тел.: +7 7172 74 08 44

010000, г. Нур-Султан, пр.Мангилик Ел, 8
«Дом министерств», 14 подъезд
тел.: +7 7172 74 08 44

№ _____

Депутатам
Мажилиса Парламента
Республики Казахстан,
членам фракции
Демократической партии
Казахстана «Ак жол»
Ерубаяеву С. С., Перуашеву А.Т.,
Барлыбаеву Е.Х., Еспаевой Д.М.,
Абильдаеву А.Р., Омиргали Е.К.,
Жумабаевой А.К., Иса К.Ж.,
Дюсембинову Б.С.,
Линник А.Г., Раманкулову М.Б.

*На депутатский запрос №ДС-250
от 9 сентября 2021 года*

Уважаемые депутаты!

Министерство экологии, геологии и природных ресурсов Республики Казахстан (далее – Министерство) в соответствии с вышеуказанным запросом, касательно дефицита воды в Мангистауской области, сообщает следующее.

Согласно п. 13-2 и п.30 ст. 1 Водного кодекса Министерство осуществляет функции управления и контроля в области использования и охраны водного фонда, водоснабжения, водоотведения за пределами населенных пунктов, а Министерство индустрии и инфраструктурного развития Республики Казахстан (далее – МИИР) осуществляет руководство и межотраслевую координацию в области водоснабжения и водоотведения в пределах населенных пунктов.

На сегодняшний день обеспечение Мангистауской области питьевой водой является актуальным вопросом. Регион в основном обеспечивается волжской и опресненной морской водой через водовод «Астрахань-Мангышлак». Их общая мощность составляет около 150 тыс. м³/сут. («Астрахань-Мангышлак» - 64 тыс. м³, МАЭК-52 тыс. м³, Каспийский опреснительный завод - 20 тыс. м³, подземные воды-14 тыс. м³).

Дефицит питьевой воды в регионе особенно выражен в летний период и составляет 51,0 тыс. м³/сут., с учетом уровня развития региона к 2025 году

потребность в воде составит 250-260 тыс. м³/сут., а дефицит - 100-110 тыс. м³/сут.

В целях решения проблем дефицита воды в рамках Комплексного плана социально-экономического развития Мангистауской области на 2021 – 2025 годы (далее – Комплексный план) предусмотрена реализация проектов по строительству опреснительных установок и реконструкция водовода «Астрахань-Мангышлак».

Магистральный водопровод «Астрахань – Мангышлак» (далее – Водовод) был построен в 1988 году и находится на балансе ТОО «Магистральный водовод» (далее – Товарищество).

На сегодняшний день Водовод изношен на 87%. В связи с этим, в целях увеличения пропускной способности магистрального водовода «Астрахань-Мангышлак» и обновления изношенного оборудования для удовлетворения существующего дефицита и перспективного роста объема водопотребления Атырауской и Мангистауской областей, Товариществом было разработано технико-экономическое обоснование проекта «Реконструкция и расширение магистрального водовода «Астрахань-Мангышлак» и получено положительное заключение Госэкспертизы на сумму 376,5 млрд.тенге.

Реконструкция и расширение Водовода планируется в 2 этапа. На первом этапе согласно Комплексному плану реконструкция и работы по расширению изношенных систем на сумму 123,7 млрд. тенге планируются провести за счет частных инвестиций.

В настоящее время проводятся процедуры по разработке проектно-сметной документации, а также прорабатываются вопросы по привлечению финансирования проекта. Сроки завершения разработки ПСД, с получением положительного заключения экспертизы – 1 квартал 2022 года.

Кроме того, дефицит воды остро ощущается в населенных пунктах Мунайлинского района и в населенном пункте Курык Каракиянского района.

В этой связи, по бюджетной программе МИИР в 2019-2021 годы на реализацию проекта «Расширение мощности опреснительного завода «Каспий» в г. Актау с увеличением до 40 тыс. м³/сут.» в рамках Государственной программы жилищно-коммунального развития «Нұрлы жер» выделено 7,7 млрд. тенге (в 2019 году- 1,0 млрд.тенге, в 2021 году – 6,7 млрд.тенге).

На завершение проекта в 2022 году предусмотрены средства в сумме 4,5 млрд. тенге. В результате потребители Мунайлинского, Тупкараганского и Каракиянского районов будут полностью обеспечены питьевой водой.

Также, в рамках Комплексного плана планируется реализация следующих проектов:

1) «Строительство опреснительного завода мощностью 17,0 тыс. м³/сут. на месторождении Каражанбас АО «КазМунайГаз»;

2) «Строительство опреснительных установок дополнительной мощностью 24,0 тыс. м³/сут. на территории ТОО «МАЭК-Казатомпром»;

3) «Строительство опреснительной установки мощностью 5000 м³/сутки в городе Форт-Шевченко»;

4) «Строительство опреснительного завода мощностью 50,0 тыс. м³/сут. в курортной зоне Кендерли».

Реализация запланированных проектов позволит решить проблему дефицита воды в регионе.

Также отмечаем, что вопросы строительства опреснительных заводов не входят в компетенцию Министерства.

При этом сообщаем, что акимату Мангистауской области предпринимателем Жумабаевым Е. предложен проект строительства опреснительного мини-завода мощностью 20 тыс. м³/сут. В связи с чем, акиматом города Актау ведется работа по выделению земельного участка. По информации предпринимателя, завод планируется запустить в декабре 2023 года.

**Министр экологии, геологии
и природных ресурсов
Республики Казахстан**

С. Брекешев